

Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңес
№1 отырысының
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: 05.09.2023

Қатысқандар: қамқоршылық кеңестің 9 мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау және кеңес мүшелері құрамын қайта бекіту туралы. Кеңес мүшелерінің міндеттерін тағайындау (төрағасы, орынбасары)
2. Мектеп директорының 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есебі
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Каирбаева сөз сөйледі. Ол 2017 жылдың шілде айында ҚР Білім және ғылым министрлігінің 27 шілде №355 бұйрығымен Қамқоршылық кеңес қызметінің типтік ережелері бекітілгені туралы хабарлады. Қабылданған ережелерде Қамқоршылық кеңесінің функциялары мен өкілеттіктері айтарлықтай өзгерілді, өйткені оларға шешім қабылдайтын ұсынушы және басқарушы сияқты бақылаушы органнан өкілеттіктер берілгендіктен, қамқоршылық кеңесінің қызметін толық қайта қарау, кеңес қызметі туралы ережені әзірлеу, оның жобасы талқылау үшін ұсыну. А.Каирбаева Қамқоршылық кеңес ұйымының ережесінен негізгі ережелерді оқыды, жаңалықтарда тоқталып, қамқоршылық кеңестің жаңадан сайланатын құрамының жұмысында осы ережелерді ұстануды ұсынды.

Отырысқа қатысқан мектеп және ауыл әкімшілігі бірлесе отырып төмендегі ауыл азаматтарын «Қамқорлық Кеңесінің» мүшелері етіп тағайындады:

1. Төрағасы: Сапаров Амандық Сәрсенбаевич «Әбілхайыр хан» мұражай меңгерушісі
2. Орынбасары: Қайнарбаева Жанымкүл Қарашевна - зейнеткер ұстаз
3. Хатшы: Нургалиева Жақсыгүл – тазалықшы
4. Мүшесі: Байменов Марат – ата-ана
5. Мүшесі: Жумағалиев Талгат – жеке қожалық
6. Мүшесі: Идирисов Еркебулан – жеке қожалық
7. Мүшесі: Кадирбаева Асет Кухабаевна – ауыл кітапханашысы
8. Мүшесі: Сапаров Аманжол – жеке қожалық
9. Мүшесі: Бимашева Зәуреш Муликбековна - тазалықшы

Екінші мәселе бойынша мектеп директоры 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есеп берді.

Ол өз сөзінде, өткен оқу жылындағы ұстаздар мен оқушылардың жеткен жетістіктеріне тоқталып өтті. Оқушыларға арналған әжетхана мектеп ішіне орнатылғандығы, өрт қауіпсіздігіне арналған дабыл қаққыш мектеп ғимаратының барлық жеріне орнатылғандығы жайлы айтып өтті.

Қайырымдылық акциялар кезінде аз қамтылған отбасыларының балаларына мектепке қажетті оқу құралдары мен мектеп формалары демеушілер тарапынан ұйымдастырылып тарту етілгенін атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңес хатшысы 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен және отырыс жоспарымен таныстырды. Кеңес мүшелері бірауыздан келісімдерін берді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері келесідей шешім қабылдайды.


Шешім:

I. 1) Отырысқа қатысушылар жоғарыдағы ауылдың жанашыр азаматтарымен азаматшаларын «Қамқорлық Кеңесінің» құрамы болуға лайық деп танып бірауыздан келісті.

II. 1) М директорының 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмысының есебі «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.

III. 1) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін

2) Қамқоршылық кеңес 2023-2024 оқу жылына құралған жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын қадағалау мен бақылау кеңес мүшелері мен кеңес төрағасы А. Сапаровқа жүктелінсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  А.Сапаров

Хатшы:  Ж. Нургалиева